



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Жайлигараева Арайлым ҚуановнаЛ.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, заң факультеті, құқықтану
мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші – Қалтаева А.Т., аға оқытушы

Тәуелсіздігімізді алып, егемендігімізді бекіткеннен кейінгі еліміздің дамуы, оның әлем алдындағы беделінің өсуі қазақ халқының қажырлы еңбегінің нәтижесі екені баршамызға аян.

Жер дауы — қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарындағы жерге меншік құқығының бұзылуынан туатын дау. Жер дауларын шешу жер құқығының дербес институты болып табылады. Жер даулары азаматтың немесе заңды тұлғаның жер учаскесіне субъективті құқығын бұзуға немесе орын алуы мүмкін құқық бұзушылыққа қатысты туындайды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында жер тұтас елдікі, халықтікі болып саналды және мемлекеттік нышан қызметін атқарды, оның бүтіндігі саяси дербестіктің белгісі болды. Сондықтан жер тек қоныс және көші-қон нысаны ретінде ғана құқықтық айналымға түсті. Мұрагерлік жолмен келе жатқан және түрлі саяси оқиғалардан соңғы (жаугершілік, шапқыншылық, т.б.) жерді бөлісу немесе қайта бөлісу хан жарлығымен жүзеге асып, билер мен рубасы ақсақалдар кеңесі шешімі арқылы белгіленді. Жер дауының реттелуі көшпелі қоғамда ғана емес, отырықшы, жартылай отырықшы қауымдар үшін де қажет болды. Осы реттерде және күнделікті тұрмыста туындайтын жер-су, көші-қонға байланысты күрделі дау-жанжалдарды шешу ежелден қалыптасқан әдет-ғұрып заңдарымен қатаң түрде атқарылып отырды.[1]

Жер дауының дұрыс шешілмеуі руаралық араздықтың өршуіне, ел бірлігінің бұзылуына апарып соқты. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы” деген атпен белгілі заңдар жүйесінде, Тәуке ханның тұсындағы “Жеті жарғыда” және өзге де бұрыннан қалыптасқан қағидаларда жер дауын шешудің барынша тиімді жолдары қарастырылды. «Жер дауы, жесір дауы»- деп бекер айтылмаған. Қазақ халқы жер дауына байланысты мәселелерді барынша әділ шешуге тырысқан. Бұл тұрғыда өзен, көл, жол, арықтар жеке меншікке жатпайтын көпшілік мүлкі болып саналды. Дау кезінде дауласушы екі жақ та куәлар әкелуі және дауланған жердің өз меншігіне жататындығын дәлелдейтін белгілерін айтуға немесе көрсетуге тиісті болды. Ол дәлелдемелерге: ата-баба қорымы, қазылған құдық, арық, соғылған бөгет, егілген ағаш, салынған үй тәрізді меншікті жердің шекаралық аумағын айқындайтын бұрыннан келе жатқан қозғалмайтын белгілер қабылданды. Осы аталған белгі-мұралардың біреуі талапкердің ата-бабасының не туған-туысқанының еңбегімен жасалғаны, онда бұрын қоныстанғаны анықталса, талап етуші иемденушіден ол жерді қайтарып алу құқына ие болды. Ол жерден соңғы иеленуші алып кете алмайтын оның меншігіндегі қозғалмайтын мүліктердің (ғимарат, бау-бақша, т.б.) құны дауға бейтарап үш кісінің кесімі бойынша анықталып, талапкердің мойнына салынды. Бірақ жерді қайтарып алуға дауласқан кезде және онан кейін салынған қозғалмайтын мүліктер әдейі істелінген деп саналып, жауапкер еңбегіне өтемақы төленбеген. Дауласушы екі жақтың куәлары мен айғақтары теңдей болып, дау тұйыққа тірелетіндей жағдайда, билік айтушы билердің ұсынысымен “ант ішу” рәсімі орындалған. Сөзі мен айғағының растығына “ант ішкен” жақтың талабы қанағаттандырылған. Жер дауы кезінде жалған ант ішіп, өтірік сөйлеуге екі жақ та бара алмайтын, өйткені кейін әшкере болған жағдайда ұрпаққа кететін “ант ұрған” деген аттан намыстанып, тұқымға таңба қалдырудан қорықты. Бұл, бір жағынан, қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі антқа беріктік пен сөзге тоқтаудың көрінісі еді. Қазақ жері Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жарияланғаннан бастап, қазақ халқы бұрыннан келе жатқан көші-қон дәстүрін өзгертуге мәжбүр болды, әйтсе де Кеңес үкіметі орнағанға дейін жер дауын шешудің дәстүрлі үлгілері ішінара сақталды. Қазіргі кезеңде жер дауына қатысты

барлық мәселелер Қазақстанның азаматтық заңдарына сәйкес реттеледі, оның ішінде “Жер туралы” заңның (30.1.2001) “Жерге меншік құқығы, жер пайдалану құқы және жерге өзге де құқықтар” бөлімінде жер меншігіне қатысты барлық мәселелер қамтылған.[2]

ҚР Жер кодексіне сәйкес жер дауларын шешу сот тәртібімен шешіледі. Қазақстан Республикасының жер заңдары жер құқығы қатынастарымен байланысты жер дауларын шешудің әкімшілік тәртібін қарастырмайды. ҚР Жер кодексінде көзделгендей Қазақстан Республикасы облыстарының арасындағы жер қатынастарды реттеу ҚР үкіметінің құзыреті, ал аудандық және облыстық атқарушы органдардың арасындағы мұндай қатынастарды реттеу облыстық атқарушы органдардың құзыреті болып табылады.

ҚР Жер кодексі жер дауларын шешудің тәртібін қарастырмайды. Бұл кодекс жер дауларын шешудің тек қана сот тәртібімен қаралатынын көрсетеді. Бұл жағдайда тәртіп термині тиісті органдардың жер дауларын шешудегі қызметін ұйымдастыруды, яғни жер дауларын шешудің белгілі бір процесін, белгілі бір процедурасын білдіреді. Бұл Қазақстан Республикасының сот органдарының қызметіне де байланысты. ҚР жер құқығы, оның құқықтық негізі – жер заңдары ҚР сот органдарының жер құқығы қатынастарынан туындайтын дауларды қарау процесін реттеген. Сол себепті, бірқатар ғалымдардың, мысалы И.А. Иконикскаяның жер процесі жер дауларының тәртібін ғана емес, сонымен қатар, жерді басқару оларға билік ету функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өзара қатынастарын анықтауы тиіс деген көзқарас жер заңдарының нормаларына сәйкес келмейді. Алайда бұл ҚР жер құқығында жер процесінің жоқ екендігін білдірмейді. Ол бар және ҚР жер нормаларын жүзеге асыру мақсатында жер құқығының материалдық құқықтық нормаларымен үйлесе отырып жүзеге асады. Жер процесін жер құқығының институты ретінде Б.Ж.Абдраимов және көптеген ғалымдар таниды.[3]

Жер дауларын шешуде меншік құқығы, жер пайдалану құқығы, жалға беру, сервитут институттарын және оларды қорғауды жүзеге асырудың процедуралық мәселелерін реттейтін жер заңдарының нормалары ерекше мәнге ие. Бұларға қоса, жер қорын басқару, жердің жекелеген санаттарының құқықтық режимі, меншік құқығын, жер пайдалану құқығын, жалға беру құқығын қорғау, шартты жер үлестері, жер учаскелерінің нысаналы мақсаты, мерзімдері, мөлшері, бөлінетіндігі, бөлінбейтіндігі, ақылығы, ақысыздығы, жер учаскелерін беру мен пайдаланудағы жеңілдіктер туралы нормалардың және жерлердің жекелеген санаттарының құқықтық режимдерін реттеудің құқықтың басқа салаларына (су құқығы, орман құқығы, тұрғын үй құқығы, азаматтық құқық, аграрлық құқық, экологиялық құқық және т.б.) ауысу жағдайларының, яғни, жер заңдарының нормаларының Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі өзге де құқық салаларының нормаларымен өзара байланысының да аталған мәселедегі орны ерекше.

Жер дауларын шешуде жер заңдарының біз жоғарыда атап өткен сілтемелік нормалары айырықша мәнге ие. Бұл нормалар, бір жағынан, жер дауларының соттылығын көрсетсе, екінші жағынан, жер дауларын шешуде жер заңдары нормаларының қолданылу шартының міндеттілігін көрсетеді. Сол себепті, жер құқығының материалдық және іс жүргізушілік базасын жетілдіру ғылым мен тәжірибенің көкейкесті мәселесі болып табылады. Бұл жер заңдарындағы олқылықтар мен қарама-қайшылықтарды жою жөніндегі ғылыми-негізделген ұсыныстарды жасау мақсатындағы ғылымизерттеулердің белсенділігін күшейте түседі.[4]

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1998 жылғы 14-мамырдағы «Соттардың жер заңдарын қолдану тәжірибесінің кейбір мәселелері туралы» қаулысы Қазақстан Республикасында соттардың жер дауларын шешу тәжірибесінің жалпыланған материалы болып табылады. Ол жер туралы және өзге де заңдарды қолдану тәртібін түсіндіруді ғана емес, сонымен қатар, жер дауларын шешуде заңдарды қолдану тәртібін белгілі бір дәрежеде реттейтін заң нормаларын да қамтиды және сот билігінің жоғарғы инстанциясы ретіндегі сот органдарының өз міндеттерін қолданыстағы жер заңдарының негізінде жүзеге асыруы туралы нұсқама береді. Сол себепті де, Жоғарғы Сот Пленумының аталған қаулылары сот жүйесі үшін елімізде және жер құқығы

катынастарының осы саласында заңдылық пен құқықтық тәртіпті жүзеге асыру және реттеудегі маңызды құрал болып табылады. Мұндай маңызды қаулылардың қатарынан Жоғарғы Сот Пленумының 2000 жылғы 22-желтоқсандағы «Соттардың «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңын қолдану тәжірибесі туралы» қаулысын 2 атауға болады. Бұл қаулыда қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың қатарынан Қазақстан Республикасы Президентінің «Жер туралы» жарлығы, ҚР «Жер туралы» заңы, ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңы аталған.[5]

Бұл Пленумның бірқатар анықтамалары мен ұйғарымдары үлкен тәжірибелік мәнге ие. Солардың қатарынан мына анықтаманы атауға болады: «қоршаған орта табиғи объектілердің, соның ішінде, атмосфералық ауаны, топырақты, жер қойнауын, өсімдіктер және жануарлар әлемін, сонымен қатар, климат пен олардың өзара әсерін қоса алғанда, тірі және тірі емес табиғи ресурстардың жиынтығын білдіреді». Сонымен қатар, Пленум қоғамның материалдық, мәдени және өзге де қажеттіктерін (жер, оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер және жануарлар әлемі) қанағаттандыру үшін шаруашылық және өзге де қызмет барысында табиғи ресурстарды пайдалануды жете ажыратқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Жер кодексі/Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі/<http://adilet.zan.kz/Қазақстан> Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
2. Иконицкая И. А. Разрешение земельных споров. М.. «Юридическая литература». 1973.. с. 38.
3. Абдраимов Б.Ж. Актуальные вопросы правоприменения при разрешении судами земельных споров. Алматы. «Борки». 1998. С. 24-26, 44-45.
4. Абдраимов Б.Ж. Земельный процесс в Республике Казахстан. Алматы, 2000 г.
5. Стамқұлов Ә. С., Стамқұлова Г. Ә. /Қазақстан Республикасының жер құқығы. Жалпы бөлім/Алматы /2004

УДК 349.6

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКОТУРИЗМ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Зиябек Сая Нұрахметқызы

saffura@mail.ru

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің 3 курс студенті, Семей
Ғылыми жетекші – Ж.К. Қаражанова

«Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында еліміздің келешектігі дамуына айқынды бағдар берілгені мәлім. Осы орайда ел экономикасында өсіп-өркендеуіне айтарлықтай үлес қосатын бір сала туризм екеніне бүгінде көз жеткендей. Жиһангерлік және саяхатшылық - адамның танымдық көкжиегін кеңейтетін, қазіргі замандағы ғаламат мүмкіншілігі бар, пайдасы шаш етектен келетін, біз әлі толық игере алмаған саланың бірі екендігі баршамызға белгілі. Бүгінгі туризм, яғни жиһангерлік және саяхатшылық-бұл мемлекет пен қоғамның дамуының, тұлғаның жан-жақты қалыптасуының маңызды факторы. Қазіргі таңда Қазақстандағы туризм экономиканың маңызды бір салалары болып табылады. Мемлекетімізде туризм мен туристік қызметті дамыту туралы қабылданған заңнамалары бар. Қазақстанның табиғи ресурстары, соның ішінде Шығыс Қазақстанның табиғаты туризмнің әр түрлі түрлерін дамыту үшін келешегі зор аумақ болып табылады. ҚР «Туристік қызмет туралы» заңнамасы 2001 жылы 13 маусымда қабылданған (бұдан ары ҚР «Туристік қызмет туралы» заңы) туризм саласының құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және республикада туризмнің ұйымдастырушылық негіздері мен туристік қызмет жайлы нормативтік құқықтық